

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мәселелері

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.09.2014 № 1011 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 466 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті;
- 2) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті құрылсын.

2. Мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті болып;
- 2) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдары;
- 3) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің мемлекеттік мекемелері – аумақтық жер инспекциялары;

4) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі мен Жер ресурстарын басқару агенттігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің Өңірлік даму комитеті міндеттемелері мен мүлкін Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне бере отырып таратылсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.08.2013 № 767 қаулысымен.

4. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 0 9 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің қайта аталатын мемлекеттік мекемелері – аумақтық органдарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментіне.

2. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментіне.

3. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментіне.

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің қайта аталатын мемлекеттік мекемелері – аумақтық жер инспекцияларының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Ақмола облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Ақмола облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

2. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Алматы қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

4. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Алматы облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Алматы облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

5. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Астана қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Астана қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

6. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Атырау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Атырау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

7. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Батыс Қазақстан

облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

8. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Жамбыл облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Жамбыл облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

9. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

10. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қостанай облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қостанай облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

11. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

12. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Маңғыстау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

13. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

14. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

15. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Павлодар облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Павлодар облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

16. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясына.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі мен Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің қайта аталатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптау РМК») Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына («Мемсараптама Р М К »).

2. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

3. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АЭІМИ)» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің «Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАІМИ)» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына.

4. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Қазгеодезия» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің «Қазгеодезия» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

5. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетінің «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 1, 7-құжат);

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 ақпандағы № 134 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 24-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 7, 58-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы министрліктерінің және Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 тамыздағы № 730 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 28, 307-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 1158 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 45, 533-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 33, 311-құжат).

6. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Агрехимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің қарамағына беру және қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі № 1487 қаулысының 4-тармағының 1) тармақшасы.

7. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1725 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 4 6 , 4 4 1 - қ ұ ж а т) .

8. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 маусымдағы № 668 қаулысының 4-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 40, 359-құжат).

9. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 қыркүйектегі № 876 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 50, 462 - құжат) .

10. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қыркүйектегі № 1087 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 54, 775-құжат).

11. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 136 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 1204 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 57, 820-құжат).

12. «Кейбір акционерлік қоғамдар акцияларының пакеттерін мемлекеттік органдарға сенімгерлік басқаруға және иелену мен пайдалану құқығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1224 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 59, 835-құжат).

13. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1520 қаулысының 2-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 8, 152 - құжат) .

14. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 98 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 26, 356-құжат).

15. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 120 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 27, 369-құжат).

16. «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 845 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 59, 808-құжат).

17. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығы (МемжерҒӨО)» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 маусымдағы № 890 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 61, 841-құжат).

18. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 маусымдағы № 891 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 61, 842-құжат).

19. «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің «Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық сейсмика төзімді құрылыс пен сәулет институты (ҚазҒЗСТҚСИ)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын және Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің «Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименталдық сейсмика төзімді құрылыс пен сәулет институты (ҚазҒЗСТҚСИ)» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Оңтүстік Қазақстан еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 992 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 64, 898-құжат).

20. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы

№ 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 1391 қаулысы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы
№ 1 0 9 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**
2. «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:
көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:
«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне» деген бөлімде:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне»;
реттік нөмірлері 264, 264-4, 264-5, 264-6, 264-7-жолдар алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне
310. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы
1 0 0 %
311. «Ипотекалық кредиттерге кепілдік берудің қазақстандық қоры» акционерлік қоғамы
1 0 0 %
312. «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы
1 0 0 %
313. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы».
3. «Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 483 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 214-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі» деген бөлімде: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті»; реттік нөмірі 63, 64, 65-жолдар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

75. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы 100 %

76. «Ипотекалық кредиттерге кепілдік берудің қазақстандық қоры» акционерлік қоғамы 100 %»

77. «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы 100 % ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі» деген бөлімде тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті» ;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері (қатысу үлестері) бәсекелі ортаға берілуі тиіс акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі» деген бөлімде тақырыбы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті».

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013

ж ы л ғ ы

8

а қ п а н д а ғ ы

№

109

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі: өңірлік даму; жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау; сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары және коммуналдық шаруашылық, елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде сумен жабдықтау және су бұру, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау және газбен жабдықтау салаларында мемлекеттік реттеу; жер ресурстарын басқару, геодезиялық және картографиялық қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мынадай ведомстволары бар:

1) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті;

3) Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті.

3. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес б е к і т і л е д і .

9. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің заңды мекенжайы: 010000 Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Орынбор көшесі, № 8 үй, 10 кіреберіс, « Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты.

10. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14 . М и с с и я с ы :
өңірлерді серпінді дамыту арқылы ел тұрғындарының тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

15 . М і н д е т т е р і :
м ы н а д а й :

- 1) өңірлік даму;
- 2) жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту;
- 3) жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау;
- 4) жер ресурстарын ұтымды және тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- 5) геодезия және картография салаларын дамыту;
- 6) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у .

Орталық аппараттың функциялары:

- 1) экономикалық талдауды жүзеге асыру және өңірлік даму саласындағы саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 2) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ұсынатын іске асыру туралы есепті және іске асыру туралы ақпараттың негізінде қорытынды жобаны қалыптастыру арқылы Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың болжамды схемасының мониторингі, сондай-ақ оны веб-порталда орналастыру (құпия сипаттағы және қызмет бабында пайдаланылатын ақпаратты қоспағанда);
 - 2-1) кезең-кезеңімен әрбір орта мерзімді кезеңге Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың болжамды схемасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
 - 2-2) облысты, республикалық маңызы бар қаланы, астананы дамыту бағдарламаларын және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу;
- 3) Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың болжамды схемасының, өңірлік даму саласындағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларының ережелерін өзара сәйкестендіру бойынша жұмысты үйлестіру;
- 4) жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 5) демографиялық және көші-қон үдерістерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру және оңтайландыру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 6) өз құзыреті шегінде аумақтық-кеңістіктік дамуды ескере отырып, республикалық бюджеттен өңірлерді дамытуға нысаналы трансферттер бөлу бойынша ұсыныстар дайындау;
- 7) өңірлердің экономикалық әлеуетін жандандыру бойынша ұсынымдар әзірлеу, қолда бар активтер мен резервтерді шаруашылық айналымына тарту;
- 8) уәкілетті органдармен бірлесе отырып, елді мекендерді әлеуметтік және инженерлік жайластырудың нормативтерін әзірлеу;
- 9) елді әкімшілік аудандастыру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 10) ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг және талдау жүргізу;
- 11) барлық деңгейдегі аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізу;
- 12) реттелетін салалардағы Мемлекеттік басқару жүйесінің құжаттарына мониторинг жүргізу;
- 13) өңірлерді дамыту проблемаларына мониторинг және талдау жүргізу;
- 14) жетекшілік ететін салада/аяда/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу тиімділігін бағалау жөніндегі әдістемені әзірлеу және

бекіту және жергілікті атқарушы органдар үшін оны әдіснамалық сүйемелдеу;

15) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жетекшілік ететін салада/аяда/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу және іске асыру бойынша қызметінің тиімділігін бағалау;

16) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 02.08.2013 № 767 қаулысымен;

17) елдің өңірлік саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың, өңірлердің қызметін үйлестіру;

18) елдің экономикалық саясатын қалыптастыру және іске асыру бойынша өңірлердің қызметін үйлестіру;

19) құзыреті шеңберінде өңірлердің мүдделерін қозғайтын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды келісу;

20) тірек ауылдық елді мекендердің тізбесін келісу;

21) әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары, орта және төмен ауылдық елді мекендердің тізбесін келісу;

22) реттелетін салалардағы стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және түзету;

23) жекелеген проблемалы аумақтарды, елді мекендерді дамытудың кешенді жоспарларын әзірлеу және бағалау;

24) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру;

25) жеке кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларын әзірлеу;

26) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру және оларға кредит беру жөніндегі шараларды жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеу;

27) кәсіпкерлікті дамытудың жылдық есебін дайындау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберу;

28) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі бірыңғай үйлестіру кеңесінің, Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың қызметін қамтамасыз ету және құзыреті шеңберінде халықаралық экономикалық ұйымдарға және басқа да консультативтік-кеңесші органдарға қатысу;

29) шағын кәсіпкерлік саласында мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

30) мемлекеттік рұқсат беру жүйесін және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласын жетілдіру және оңтайландыру бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

- 31) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптамалық кеңестердің қызметін үйлестіру;
- 32) мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жол берген жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін ақпараттандыру;
- 33) уәкілетті мемлекеттік органдар әзірлейтін тәуекелдерді бағалау өлшемдерін, ведомстволық есептіліктер үлгілерін және тексеру парақтарын бірлесіп бекіту арқылы мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу үдерісін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 34) лицензиялау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүргізу және басқа мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;
- 35) рұқсат беру жүйесі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындау;
- 36) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін үйлестіру;
- 37) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың стратегиялары мен даму жоспарларын келісу;
- 38) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың даму стратегияларын іске асыруды бағалау;
- 39) сәулет, қала құрылысы және құрылыс, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен (қатты-тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) жұмыс істеу, сондай-ақ елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде сумен жабдықтау және су бұру, электрмен жабдықтау (0,4 кВ электр желісі объектілері), жылумен жабдықтау (ЖЭО мен белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары қазандықтардан басқа), газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және салааралық үйлестіру;
- 39-1) сәулет, қала құрылысы, құрылыс, құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;
- 40) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының жобасын әзірлеуді қамтамасыз ету;
- 41) мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жасау;
- 42) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, аумақтық дамудың өңіраралық схемаларын әзірлеуге тапсырысты жүзеге асыру;
- 43) Елді мекендердің шекарасы (шектері) жобаларының құрамын, мазмұнын және оларды әзірлеу тәртібін айқындау;
- 44) республикалық маңызы бар қалалардың, сондай-ақ халқының саны жүз мың тұрғыннан асатын өзге де қалалар шекараларының (шектерінің) жобаларын

к е л і с у ;

45) шағын елді мекендерді дамыту мен салудың құрамын, мазмұнын және схемаларын әзірлеу мен келісу тәртібін айқындау;

46) жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу мен келісу тәртібін, міндетті құрамы мен мазмұнын белгілеу;

47) үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналыстары хаттамасының және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне жазбаша сауалнама жүргізу кезінде дауыс беру парағының, кондоминиум объектісін басқару жөніндегі есептің үлгі нысанын әзірлеу және бекіту;

47-1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы үлгілік шартты әзірлеу;

48) Елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын әзірлеу;

49) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау қағидаларын әзірлеу;

50) Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;

51) тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесін мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

52) реттелетін салада техникалық регламенттерді әзірлеу және келісу;

53) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілеріне мекенжай беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

54) тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу және бекіту тәртібін әзірлеу;

55) жобаларға сараптаманы (мемлекеттік сараптаманы қоса алғанда) орындайтын жеке және заңды тұлғалардың сарапшылық комиссиялар құру қағидаларын әзірлеу мен бекіту және сараптамаға қатысу үшін мамандарды тарту ;

56) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау тәртібін әзірлеу;

57) анықталған ақауларды сипаттай отырып, жұмысы тексерілген мердігерге (бас мердігерге), сондай-ақ тапсырыс берушіге (меншік иесіне) берілетін объектілердің анықтамасы мен ведомосының нысанын белгілеу;

58) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы жекелеген қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу;

59) тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру тәртібін әзірлеу және бекіту;

- 60) объектілердің құрылысына техникалық қадағалауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 61) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.05.2014 № 489 қаулысымен.
- 62) егер заңнамада өзгеше көзделмесе, осы мәселелер құзыретіне жататын басқа орталық атқарушы органдармен келісім бойынша мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданысын тоқтата тұру, жою) тәртібін белгілеу;
- 63) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша реттелетін саладағы еңбек жөніндегі үлгі нормалар мен нормативтерді, сондай-ақ кәсіби стандарттарды бекіту;
- 64) құрылыс салудың аумақтық қағидаларын әзірлеу тәртібін айқындау;
- 65) өз құзыреті шеңберінде ұйымдардың қауіпсіздік нормаларын қамтитын стандарттарын келісу;
- 66) сейсмикалығы 9 балдан асатын аумақтарды және жер бетінде тектоникалық жарылған жерлер пайда болуы мүмкін аймақтарды пайдалану мәселелерін қарау жөнінде сараптамалық комиссия құру және оның жұмысын үйлестіру;
- 67) сейсмикалық қаупі жоғары аудандарда жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуды өткізу тәртібін әзірлеу және бекіту;
- 68) Коммуналдық қалдықтардың (қатты тұрмыстық қалдықтарды қоспағанда) пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын әзірлеу;
- 69) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;
- 70) құрылыстағы мемлекетаралық (халықаралық) және ұлттық стандарттарды белгіленген тәртіппен әзірлеу;
- 71) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінің, сондай-ақ мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның қызметін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз ету;
- 71-1) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін ақпарат және (немесе) мәліметтер беру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылдарын үйлестіру;
- 71-2) жоба алды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорында тіркеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 72) стандарттарды әзірлеу бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды және өзге де құжаттарды дайындауды және оларды халықаралық нормалар мен талаптарға сәйкестендіруді жүзеге асыру;
- 73) Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін сумен жабдықтау және су

бұру бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын әзірлеу;

74) Елді мекендер шегінде ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін әзірлеу;

75) Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидаларын әзірлеу;

76) Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларын әзірлеу;

77) Коммуналдық қызмет көрсету қағидаларын әзірлеу;

78) Кондоминиум объектісін басқару органы мен түпкі тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді жеткізуші нарық субъектілері арасындағы ынтымақтастықтың үлгі шарттарын әзірлеу;

79) тұрғын үй қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

80) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйлерді барабар бөлу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

81) мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

82) тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін айқындау;

83) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

84) тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту;

85) кондоминиум объектісін басқару шартының үлгілік нысанын бекіту;

86) тұрғын үй инспекциясы ұсынып отырған үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативі басқармасының төрағасы кандидатурасына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

87) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы үлгі шарт әзірлеу;

88) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттарды есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;

89) үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын үй ғимараттарының құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;

90) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

- 90-1) тұрғын үй қатынастары саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;
- 90-2) тұрғын үй көмегін көрсету мониторингін жүзеге асыру;
- 90-3) тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдарға басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізуді әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 90-4) жер қатынастарын реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;
- 90-5) жерді аймақтарға бөлу жобалары (схемалары) негізінде жердің нысаналы мақсатының жіктемесін бекіту;
- 91) жер заңнамасын қолдану тәжірибесін талдау, сондай-ақ геодезия мен картография саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру;
- 92) жер қатынастарын реттеу, геодезия мен картография саласындағы салалық көтермелеу жүйесін әзірлеу және бекіту;
- 93) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын республикалық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;
- 94) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері паспортының нысанын бекіту ;
- 95) жер-кадастрлық құжаттаманың құрылымын, құрамын, мазмұнын және нысандарын белгілеу ;
- 96) өз құзыретіне жататын жерді беру және алып қою, жерді бір санаттан басқасына ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау жөніндегі жұмысты үйлестіру ;
- 97) Геодезия және картография саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу ;
- 98) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру немесе кеңейту бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді келісу;
- 99) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін беру мәселелері жөнінде, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ұсыныстарын келісу;
- 100) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мүдделерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, аэроғарыштық түсірілім деректері мен материалдарын дайындау, есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, нормалар мен қағидаларды бекіту ;
- 101) Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдіктің 2006 – 2016 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру бойынша шаралар қабылдау;

102) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулерді жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және б е к і т у ;

103) ведомстволық (салалық) картографиялық-геодезиялық қорларда құжаттарды қалыптастыру, жинау, сақтау және пайдалану қағидаларын келісу;

104) өз құзыреті шеңберінде халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру және халықаралық ынтымақтастықты ж ү з е г е а с ы р у ;

105) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтіндерін қоспағанда, өз құзыреті шеңберінде нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік құжаттарды, әдістемелерді, стандарттарды әзірлеу және бекіту;

106) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

107) өз құзыреті шегінде жобалау, іздестіру, қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру;

107-1) жетекшілік ететін салаларда кадрларға қажеттілікті айқындау;

107-2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне кәсіпкерлікті дамытудың жылдық есебін жолдай отырып, жеке кәсіпкерлік қызметі салаларында зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;

108) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ведомстволардың функциялары:

1) жеке кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру;

2) шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік шараларының орындалуын ұйымдастыру және үйлестіру;

3) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамытудың инфрақұрылымына талдау жүргізу;

4) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әдіснамалық көмек ұйымдастыру;

5) мемлекеттік рұқсат беру және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту шараларын жетілдіру және оңтайландыру саласында ведомстволар арасында үйлестіру;

6) жеке кәсіпкерлікті дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты ж ү з е г е а с ы р у ;

7) жеке кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты н а с и х а т т а у ;

8) республика өңірлерінде шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымын

қалыптастыру мен дамытуға ықпал ету;

9) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыру;

10) шағын кәсіпкерлік саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

11) шағын кәсіпкерліктің инновациялық, инвестициялық және индустриялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға қатысуы үшін жағдайлар жасау;

12) инвесторлар, грант беруші халықаралық ұйымдар үшін жеке кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелерінде жағдайлар жасау;

13) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) халықаралық нарықтарына шығуы үшін жағдайлар жасау;

14) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында, сондай-ақ тұрғын үй қатынастары, коммуналдық шаруашылық және коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында (қатты тұрмыстық қалдықтарын қоспағанда), сондай-ақ елді мекендердің шекарасы (шектері) шегінде сумен жабдықтау және суды бұру, электрмен жабдықтау (0,4 кВ электр желісі объектілері), жылумен жабдықтау (ЖЭО мен белгіленген қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары қазандықтардан басқа), газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

15) республикалық маңызы бар қаланың, астананың, есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын халқы бар облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарлары жобаларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өзге де қала құрылысы құжаттамаларының кешенді қала құрылысы сараптамасын ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетіндерді қоспағанда, мемлекеттік, өңіраралық немесе мемлекетаралық (халықаралық) маңызы бар объектілерді салуға (аумақтарда құрылыс салуға) қала құрылысы, сәулет-құрылыс және өзге де жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын қарау және бекіту;

17) жобалау құжаттамасының сапасын қадағалауды ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асыру;

18) жобалардың мемлекеттік сараптамасына басшылықты жүзеге асыру;

19) тұрғын үй қорының жай-күйіне мониторинг жүргізу;

20) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасын қолдану мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету;

21) Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасын іске асыруға қатысу;

22) ғимараттарды, құрылыстарды, құрылғыларды қайта жаңарту, салу мақсатында әзірленетін және бекітілетін сәулет-құрылыс және өзге де жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптардың сақталуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

23) терможаңғыртуды ескере отырып, үлгілік көп пәтерлі үйлердің жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеуді және бекітуді қ а м т а м а с ы з е т у ;

24) реттелетін саладағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеуді, бекітуді, қолданысқа енгізуді ұйымдастыру;

25) жергілікті атқарушы органдардың сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, тұрғын үй қатынастары мен коммуналдық шаруашылық саласындағы қызметін нормативтік-техникалық және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге а с ы р у ;

26) техникалық регламенттердің, стандарттардың, құрылыс нормаларының және өзге де құжаттардың салалық қорын жүргізуді жүзеге асыру;

27) астана мен қала маңындағы аймақтың аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (мемлекеттік нормативтік құжаттардың) астананың әкімдігімен келісілген ж о б а л а р ы н б е к і т у ;

28) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, тиісті салада ғылыми зерттеу жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіру;

29) өз құзыреті шегінде жобалау, іздестіру, ғылыми-зерттеу, конструкторлық, қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұ й ы м д а с т ы р у ;

30) өз құзыреті шегінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыру және оларды іске асыру;

31) мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын тиісті салада орындалған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар бойынша есептерді б е к і т у ;

32) индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

32-1) табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен бірлесіп, тарифтерді (бағаларды, алымдардың мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілетін табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) бекіту;

33) стандарттар мен өзге де құжаттарды әзірлеу жөніндегі жоспарлар мен

бағдарламаларды іске асыру және оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үйлестіру;

34) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін лицензиялауды жүзеге асыру;

35) мемлекеттік құрылыс инспекторларын аттестаттауды жүргізу;

36) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшыларды аттестаттауды жүзеге асыру;

37) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар мен сарапшылардың шағымдарын қарау;

38) заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдау және мемлекеттік қабылдау комиссияларының жұмысына қатысу;

39) объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану;

40) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне, оның ішінде қала құрылысы тәртібі мен регламенттерінің, жобаларға сараптама жүргізу тәртібінің, сондай-ақ салынған объектілерді пайдалануға қабылдау қағидаларының сақталуы бөлігінде бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

41) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

42) ғимараттарды, құрылыстарды, құрылғыларды қайта жаңарту, салу мақсатында әзірленетін және бекітілетін сәулет-құрылыс және өзге де жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

43) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

44) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;

45) жер заңнамасын, сондай-ақ геодезия және картография саласындағы заңнаманы қолдану тәжірибесін жинақтау;

45-1) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

46) жергілікті атқарушы және аумақтық органдармен жер қатынастарын

реттеу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;

46-1) өз құзыретіне жататын жерді беру және алып қою, жерді бір санаттан басқасына ауыстыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

47) жер мониторингін жүргізуді ұйымдастыру;

48) мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді ұйымдастыру және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жер теңгерімінің деректері негізінде Қазақстан Республикасының жер теңгерімін жасау;

49) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін ү й л е с т і р у ;

50) Қазақстан Республикасының қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың, аэроғарыштық түсірулердің деректері мен материалдарын дайындау, есепке алу, сақтау, көбейту және пайдалану тәртібін регламенттейтін нұсқаулықтарды, нормалар мен ережелерді ә з і р л е у ;

51) геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (көшіруге) рұқсаттар б е р у ;

52) әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы шекараның өзгерістерін, сондай-ақ жергілікті жердің өзгерістерін және географиялық объектілердің атауларын көрсете отырып, кезекші анықтамалық карта жүргізу;

53) мемлекеттік, арнаулы және (немесе) салалық мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстардың орындалуын ұйымдастыру;

54) Ұлттық картографиялық-геодезиялық қор қалыптастыру және жүргізу;

55) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелеріндегі жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы мәліметтер беру;

56) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес геодезиялық өлшеу құралдарының бірлігі мен дәлдігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге а с ы р у ;

57) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) уәкілетті органдарының жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша қабылдаған шешімдерінің з а ң д ы л ы ғ ы н б а қ ы л а у ;

58) жер заңнамасы, сондай-ақ геодезия және картография салаларындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;

59) мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізудің дұрыстығын б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р у ;

60) пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару

мәселелері бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

61) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдардың басшыларын тағайындау және қызметтен босату мәселелері бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл ж а с а у ;

62) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 65-бабында белгіленген міндеттемелер орындалмаған жағдайда жергілікті атқарушы органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасында жасалған уақытша жер пайдалану туралы шарттарды бір жақты тәртіппен бұзу мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

63) анықталған жер заңнамасын, сондай-ақ геодезия және картография саласындағы бұзушылықтарды жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқамалар б е р у ;

64) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 148-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап-арыз дайындау және б е р у ;

65) егер құрылыс, пайдалы қазбалар кен орындарын қазу, объектілерді пайдалану, геологиялық-барлау және басқа жұмыстар жер заңнамасын, жерді пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылса, сондай-ақ бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізілсе, оларды тоқтата тұру;

66) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің нормативтік құқықтық актілерді және геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізуге арналған техникалық талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асыру және олардың дұрыс қолданылуын бақылау;

67) жерді пайдалану және қорғау, сондай-ақ геодезиялық және картографиялық қызмет бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

68) геодезиялық және картографиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен орындау тәртібін анықталған бұзушылықтарды жою, сондай-ақ көрсетілген жұмыстарды немесе аэроғарыштық түсірілімдерді жүргізу нәтижесінде алынған геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректерді шоғырландыру, есепке алу, сақтау, пайдалану және іске асыру жөніндегі талаптарды енгізу;

69) Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасының бұзылу фактілері анықталған жағдайда геодезиялық және картографиялық жұмыстарды тоқтата тұру;

70) геодезиялық пункттерді есепке алу және олардың сақталуын қамтамасыз е т у д і б а қ ы л а у ;

71) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

мемлекеттік жер кадастрындағы жер пайдаланушылар және жер учаскелері жөніндегі мәліметтерді салық қызметі органдарына беру;

72) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.12.2013 N 1343 қаулысымен;

73) геодезиялық және картографиялық қызметтің басталуы туралы хабарлама берген субъектілердің тізілімін жүргізу;

74) аэротүсірілім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру ;

75) геодезиялық және картографиялық жабдықтарға, аспаптар мен құралдарға метрологиялық бақылау және бақылау жүргізу;

76) суармалы егістікті суарылмайтын алқап түрлеріне ауыстыру жөніндегі материалдарды келісу ;

77) Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының материалдары мен деректерін қайтару мерзімін белгілеу;

78) Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесіндегі геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыру ;

79) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының және жергілікті жерлерде әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларының дұрыс көрсетілуін және олардың картографиялық материалдарда көрсетілуін бақылау;

80) су қорғау аймақтарын, жолақтарын және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу жөніндегі жобалау құжаттамасын келісу;

81) су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен жолақтарында кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, қайта жаңарту және пайдалануға беру шарттарын келісу;

82) жер ресурстарын, жер қойнауы мен минералдық ресурстарды, жер асты және жер үсті суларын, орман және өзге де өсімдік әлемінің ресурстарын, жануарлар дүниесінің ресурстарын пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптарды келісу ;

83) суару және құрғату жүйелерін, қалпына келтірілген жерлерді, қорғаныштық орман екпелерін, эрозияға қарсы гидротехникалық құрылғыларды және жердің құнарлылығын арттыру және қорғау мақсатында құрылатын басқа да объектілерді мемлекеттік қабылдауға қатысу;

84) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының жер заңнамасы саласында қабылдаған шешімдерінің заңдылығын бақылау;

85) өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.08.2013 № 767; 19.12.2013 N 1343; 14.05.2014 № 489 қаулыларымен.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілер қ а б ы л д а у ;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және материалдарды сұрату ж ә н е а л у ;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне басшылықты Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары (вице-министрлер) болады.

21. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, өз құзыретіне жататын еңбек қатынастарының мәселелерін шешеді;

3) ведомстволардың құзыретін және өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен еңбек қатынастарының мәселелері өз құзыретіне жататын Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза мен көтермелеу шараларын қолданады;

5) қызметінде өзінің бақылауындағы ведомстволардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) ведомстволар актілерінің әрекетін толық немесе бір бөлігін тоқтатады немесе тоқтата тұрады;

7) Министрдің бұйрықтарына қол қояды;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды.

23. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын жауапты хатшы басқарады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 736 қаулысымен.

1. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» акционерлік қоғамы.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.05.2014 № 489 қаулысымен.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.05.2014 № 489 қаулысымен.

4. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 14.05.2014 № 489 қаулысымен.

5. «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» Р М К) .

2. «Қазақ Суарнажоба» акционерлік қоғамы.

3. «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. «Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты (АШАГІМИ)» республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

3. «Қазгеодезия» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

4. «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Ақмола облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Ақтөбе облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

3. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

4. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Алматы облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

5. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Астана қаласы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

6. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын

басқару комитетінің Атырау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

7. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

8. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Жамбыл облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

9. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы;

10. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қостанай облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

11. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

12. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Маңғыстау облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

13. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

14. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

15. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Павлодар облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

16. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы.

Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК